



EGEMEN QAZAQSTAN

Сәкеннің соңғы сапарын сахналады

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді?!» деп жырлаған қара өлеңнің Құлагері – Ілияс Жансүгіровтің осы бір ұлы сөзін ұран еткен қазақ елі жыл басынан бері мерейтойы аталып өтіп жатқан қайраткерлер мұрасын кеңінен насихаттап, Алаш арыстары рухына тағзым етіп келеді. Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов сынды тұлғалар туған киелі топырақтан басталған тағылымды шаралар легі олар туып-өскен облыс шекарасынан шығып, тұтас ұлт деңгейінде тойланып жатқанына да біраз болды. Оның бір айғағы – бас шаһарға гастрольдік сапармен келген Қарағанды облыстық С.Сейфуллин атындағы драма театрының «Сәкеннің соңғы сапары» қойылымы елордалық көрермендерге тамаша тарту болғаны сөзсіз.



Санаулы күн бұрын ғана «Академиялық театр» мәртебесін иеленіп, мерейі тасыған Қарағанды облыстық С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры Сәкен тақырыбына қалай бойласа да жарасады. Ақын есімін абыроймен аркалап жүрген қарашаңырақ елордаға келген өнер сапарын қайраткер тұлға рухына тағзым етуден бастады. Жазушы, драматург Жолтай Әлмашұлының «Сәкеннің соңғы сапары» драмасын сахнаға шығарған режиссер Дунай Еспаев қолтаңбасынан осы тектес құрмет, тағылым, тағзым лебін сезінгендей болдық.

– Жерлесіміз, Қарағанды топырағының даңқты перзенті Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдық мерейтойын мерекелеуге бағытталған тағылымды шаралар жыл басынан бері жүйелі түрде үздіксіз жалғасып келеді. Сол кешенді жұмысқа атсалысып, өз үлесін қосуды ақын есімін иеленген театр ұжымы да тұлға рухы алдындағы ғұмырлық парыз санап, Сәкен Сейфуллиннің туған жеріне келген соңғы сапарынан сыр шертетін «Сәкеннің соңғы сапары» қойылымын сахна төріне шығарған болатын. Осы спектакльді еліміздің түкпір-түкпірін аралап, көрермен назарына ұсындық. Енді міне,

ақын есімін, өлеңін, қайраткерлігін ұлықтауға бағытталған тағылымды өнер сапарымыз бас қала төріне келіп қорытындыланып отыр», деді гастрольдік сапар көшін бастап келген С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық драма театрының директоры Сансызбай Бекболатов.

Қазақтың сұңқар ақыны атанған айтулы тұлға жайлы сыр қозғайтын қойылымда негізінен Сәкен Сейфуллиннің кіндік қаны тамған киелі мекен – Арқа еліне шеккен соңғы сапары баяндалады. Қарағанды топырағына табаны тигенімен, өскен жері Жаңаарқаға жетпей, Алматыға кері қайтуға мәжбүр болған ақынның орындалмай кеткен соңғы арманы, көкірек толы сағынышы актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемаловтың кейіптеуінде әсерлі суреттеледі. Спектакльде дәуір деректеріне жаңашыл қырынан үңілуге, тарихи кезеңге егемендік биігінен әділетті баға беруге бірқатар жүйелі талпыныс, батыл қадамдар жасалады. Тұтас спектакль бойы сұңқар Сәкеннің ел мен жер, тіл мен діл тағдырына қатысты өткір ойлары, қазақ жерінің тұтастығы мен ұлттық кадрларды даярлау мәселелері турасындағы пікір-пайым, салмақты сараптамалары кейіпкерлер арасындағы диалогтар арқылы өткір жеткізіледі.

– «Сәкеннің соңғы сапары» тек Сәкен туралы шығарма емес, тұлға тағдыры арқылы кейіптелген өткен ғасырдың 30 жылдарындағы күллі Алаш арыстарының жиынтық бейнесі, замана көрінісі десе болады. Ал оқиға өзегіне Сәкенді алу себебіміз – Сәкен барлық жағдайдың бел ортасында жүрген қайраткер. Кеңес өкіметінің жағында бола тұра, негізгі арман-мұраты Алаш арыстарының мүддесімен бір болды. Сол үшін де көп қайшылыққа тап болды. Спектакль арқылы осы тартысты кезеңге хәл-қадеріміздің жеткенінше әділетті баға беруге талпынып бақтық. Сол кездің шындығын да, қателігін де ашық көрсеткіміз келді. Туынды барынша нақты тарихи деректерге негізделді. Мәселен, Сәкеннің Қарағандыға келген соңғы сапарында сол кезде Орталық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімін басқарған Садықбек Сапарбековпен кездесуі көрсетіледі. Садықбек Сапарбеков Сәкен Сейфуллин 1934 жылы 40 жасқа толып, «Еңбек Қызыл Ту» орденін өңіріне таққан кезде «Еңбекші қазақ», қазіргі «Егемен Қазақстан» газетіне «Біздің сүйікті Сәкен» деген бір бет мақала жазған. Қойылымда сол мақаланың жайы және Мағжан Жұмабаев, Нәзір Төрекұлов, Сәбит Мұқанов, Сұлтанбек Қожанов сынды басқа да қоғам қайраткерлерімен арасындағы қарым-қатынасы да барынша шынайы суреттеледі», деді пьеса авторы Жолтай Әлмашұлы.

Рас, туынды авторы тілге тиек етіп өткендей, қойылымда тарихи фактілердің сөйлетілуіне жан-жақты басымдық берілген. Репрессия жылдарындағы түрлі жағдайларды шынайы бағалауға да батыл қадам жасалып, тың, тосын ойлар айтылады. Қойылымның негізгі лейтмотиві етіп алынған Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» әні мен театр әртістерінен жасақталған хор өнері спектакль басталғаннан аяқталғанға дейін оқиғаның тұтас даму желісін жетелеп, көрермен көңіл күйін қасиетті Арқа топырағында толғанған ақын сағынышына сәтті жалғайды. Әйтсе де, қойылымның тұтас көркемдік деңгейге көтерілуіне бұл жеткіліксіз. Ұжымдық жұмыс барлық жағынан үйлесімді талап етеді. Осы тұрғыдан

келгенде, спектакль сценографиясы әлі біраз ізденістерге сұранып тұрғандай. Сахнадағы сурет, әсіресе лед-экран арқылы берілген көріністер заман, оқиға атмосферасын сәтті жеткізді дей алмаймыз. Сахна суретінің көркемдік кілті табыл маған. Сол секілді сахналық туынды болғандықтан спектакльдің динамика мен қайшылыққа сұрануы заңды. Сол арқылы оқиға ширығып, өнердегі өз өмірін сүруге ұмтылады. Театрдың осы заңдылық-талабы өлшемі аясынан тарқатқандағы түйгеніміз қойылымға әлі де біраз баяндау стилінен арылып, әрекетке, қайшылыққа көбірек көңіл бөлсе, оқиға желісі бұдан да гөрі ширап, жандана түсер ме еді деген тілекпен тоқайласты. Осындай азды-көпті кемшілікті ескермегенде, жалпы бас-аяғы бүтін қойылымның куәсі болдық. Ең бастысы, Алаш арыстары тағдырының ақтандақ беттеріне тың көзқарас негізінде үңілуге тырысқан тамаша талпыныс бар. Бізді қуантқаны да осы

Назерке ЖҰМАБАЙ